

Н. А. Алтынбек, 3 курс
Ғылыми жетекшісі: Б. А. Жақыпов, қылмыстық іс жүргізу кафедрасының
доценті, заң ғылымдарының кандидаты
(ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

КӘСІБИ ҚОРҒАУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Қылмыстық іс жүргізуде кәсіби қорғау ерекше және жалпы болып келеді. Оған жеке құбылыс ретінде кәсіби қорғаудың жалпы ерекшеліктері мен өзіндік өзгешеліктерін бөліп көрсету тән. Сондықтан қылмыстық сот ісін жүргізуде кәсіби қорғау түсінігі мен мазмұнын оның мәні мен қорғау қасиетінен бөліп қарауға әсте болмайды. Әйтпесе, құқықтық негізі ашылмай қалады, мұнсыз кәсіби қорғаудың болуы ақылға сыймайды. Қылмыстық іс бойынша қорғауды түрлі қырынан, осы сөздің сан түрлі мазмұнынан — кең мағынада (әлеуметтік-құқықтық), тар мағынада (қылмыстық іс жүргізу) қарауға болады. Қылмыстық іс бойынша қорғау — бұл өте елеулі проблема, оны мүмкін болғанынша әлеуметтік құқықтық, қылмыс-намалық, қылмыстық іс жүргізу, криминалистік және басқа да жағынан зерттеу, түсіну қажет.

Әдебиетте қорғауға — «айыпталуды жокқа шығаруға, айыпталушыны кінәсіздігін растауға немесе оның жауапкершілігін жұмсартуға бағытталған іс-жүргізу әрекеттін жиынтығы деп анықтама берілген. Жалпы алғанда, қорғауды қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдардың құқығы мен мүддесін жақтауға бағындырылған түрлі элементтердің нысанды-құқықтық, материалдық-құқықтық, функционалдық және криминалистік байланыстарды жүйесі деп түсінген абзал. Заң жүзінде бекітілген максаттар жүйе түзушілік факторы болып табылады. Ал, жүйе элементтері ретінде қорғау субъектісі, қорғау объектісі, қорғау құралдары, іс-қимыл, жағдай, ж. б. алынады. Осы элементтердің барлығы жоғарыда аталған байланысқа топтастырылуы мүмкін.

Кәсіби қорғау қылмыстық іс бойынша қорғаудың алуан түрлігі болып табылады. сондықтан да оған қорғауға жататын бүкіл белгі тән, сонымен бірге ол ерекше қасиетімен танылады.

Біріншіден, қорғау ісін атқаратын субъект — адвокат республика азаматы. ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» Заңында атап көрсетілгендей, жоғары білімі бар, зангер мамандығы бойынша жұмыс өтілі екі жылдан кем емес және адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған адам адвокат бола алады. Ал ҚР ҚДЖК 70-бабында қорғаушы заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көрсететін адам екені айтылуымен бірге, тиісті

халықаралық шартта көзделсе, шетелдік адвокаттарға заңдарда белгіленген тәртіппен іске қорғаушы ретінде қатысуға жол берілетіні айтылған.

Екіншіден, қорғаушының кәсіби қорғауды жүзеге асыратын іс жүргізу тәртібі екінші бір қорғаушы қызметінің іс жүргізу тәртібінен мүлдем өзгеше болады. Мәселен, осы кодекстің 71-бабында жазылғандай, адвокат сот процесінің тиісті сатысында міндетті қорғаушы болып қатысады, бұл орайда орган ол туралы адвокаттардың кәсіптік ұйымы үшін міндетті қаулы шығарады. Ал, бейкәсіби қорғаушы үшін мұндай мүмкіншілік қарастырылмаған.

Үшіншіден, адвокатқа құқық пен міндет көлемі тән. Адвокаттың өзіне қабылдаған сезіктіні немесе айыпталушыны қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ, ал бұл бейкәсіби қорғаушы үшін міндетті емес. Адвокат үшін қорғауды жүзеге асыру кәсіби міндет, кәсіби борыш саналады, демек, одан бас тартуға қақысы жоқ. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» демекші, мұндай бола қалса, бұл іс жүргізуге келтірілген нұқсан ғана емес, ерекше тәртіппен жазаланатын жағымсыз әрекет ретінде аталады.

Төртіншіден, адвокаттың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері бар. Мысалы, «Адвокаттық қызмет туралы» Заңда адвокаттың қызметінің кепілдіктері, адвокат құпиясы, кәсіби мінез-құлық нормалары, тәртіптік жауапкершілігі және басқалары туралы ережелері тұжырымдалған. Сайып келгенде, кәсіби қорғау — бұл адвокат-қорғаушының заңда белгіленген тәртіппен айыпталушылардың, сезіктілердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыруы және оларға заң көмегін көрсетуі деп түсінген мәлім. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен сотталудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртібін нығайтуға, қылмыстың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесуі тиіс.

Қорғаушының қылмыстық іс жүргізу қызметі проблемасын, процеске қатысушының құқықтық жағдайын, айыпталушының қорғауды қажет ету құқығын егжей-тегжейлі зерттегендер арасында К. Бейғалиев, Ғ. Елемесов, Л. Берсүгірова, Б. Төлеубекова, С. Тыныбеков, Ғ. Сарқиянц, Н. Строгович сияқты ғалымдар бар.

Кәсіби қорғау тактикасының ерекшелігі тергеуде де, сотта да пайдаланылады. Сайып келгенде, кәсіби қорғаудың тактикалық негізін әзірлеу тәжірибе қажеттілігіне орай келісілген ғылыми проблема болып табылады. Зерттеу барысында ғылым мен тәжірибеде сыналған зерттеу әдістерінің қолданылуы, қылмыстық іс жүргізудегі, сондай-ақ криминалистикадағы теориялық негіздер ескерілуі тиіс. Қорыта келе, кәсіби қорғау тактикасы екі ғылымның — қылмыстық іс-жүргізу пен криминалистиканың кешенді зерттеу объектісі болып табылады.